

## Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 1379 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 желтоқсанда № 9999 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 893 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 21.07.2015 № 893 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-4-бабының 3-тармағына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса ұсынылған зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Кадр қызметі департаменті заңнамалық белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Кадр қызметі департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Имашев*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ 1 3 7 9 б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілді

## Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңбері 1. Жалпы ережелер

1. Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012

жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестендірілген біліктілік деңгейлерді қамтиды ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 8022 тіркелген )

2. СБШ бірыңғай біліктілік деңгейлер межесін анықтайды, біліктіліктің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және кәсіби стандарттар үшін сала мамандарының біліктілігінің сәйкестігі мен берілгендігін растайтын жүйеге негіз болады.

3. СБШ-да салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық жағынан сипаттамасы келтіріледі.

4. СБШ пайдаланушылардың әртүрлі топтарына (жұмыс берушілерге, білім беру органдарына, қоғамдық ұйымдарға) арналған және:

1) кәсіби және білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде қызметкерлер мен оқу бітірушілердің біліктілігіне қойылатын талаптарды бірыңғай көзқараста сипаттауға ;

2) қызметкерлер мен кәсіби білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бітірушілердің біліктілігін бағалау материалдары мен айқындау рәсімін әзірлеуге ;

3) нақты біліктілікті алуға, біліктілік деңгейін арттыруға, мансаптық өсуге әкелетін білім берудің әртүрлі траекториясын жоспарлауға мүмкіндік береді.

5. СБШ біліктіліктерінде пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) білік – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

2) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

3) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт ;

4) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіби қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

5) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және білік.

6. Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы СБШ 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша рәсімделген шеңберлік құрылымды ұсынады .

СБШ әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіби қызметтің жалпы сипаттамаларынан сипаттаудан тұрады, атап айтқанда:

1) білім – бұл көрсеткіш кешенді болып табылады және білімге қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ кәсіби қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты болады:

пайдаланатын ақпараттың ауқымы мен күрделілігі;  
білімнің инновациялығы;

олардың абстрактілік дәрежесі (теориялық және практикалық білімнің арақатынасы). Оның көріну дәрежесі (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) көрсеткіштердің құрамдас біліктерінің бірі (кез келгеннің), екеуінің де немесе үшеуінің де өзгеруіне байланысты болуы мүмкін.

2) білік пен дағды – бұл көрсеткіш кешенді болып табылады және біліктілікке қойылатын талаптарды айқындайды, кәсіби қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты болады:

кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерінің көптігі (нұсқаулығы), осы тәсілдерді таңдау немесе әзірлеу қажеттілігі;  
жұмыс жағдайының белгісіздік және оның дауының беймәлімдігі дәрежесі.

Бұл көрсеткіш кешенді болып табылады. Оның көріну дәрежесі (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) көрсеткіштердің құрамдас бөліктерінің бірінің (кез келгеннің) немесе екеуінің де өзгеруіне байланысты болуы мүмкін.

3) жеке және кәсіби құзыреттер – бұл көрсеткіш қызметтердің жалпы құзыреттілігін айқындайды және оның мынадай негізгі үш дәрежесі бар:

басшылықтың қолданыстағы қызметі;  
қызметті өз бетінше орындау;  
басқаларды басқару.

Өкілеттік пен жауапкершіліктің кеңдігі қызмет ауқымына, ықтимал қателіктің ұйым, сала үшін бағасына, олардың әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және басқа да салдарына, сондай-ақ кәсіби қызметте басшылықтың негізгі функцияларын толық іске асыруына байланысты (мақсатты болжау, ұйымдастыру, бақылау, орындаушыларды ынталандыру).

7. СБШ-да біліктілік деңгейлерін әзірлеудің негізгі қағидаты біліктілік деңгейлерінің төменнен жоғарыға қарай дамуының үздіксіздігі мен сабақтастығы, оларды сипаттау ашықтығы болып табылады.

8. Біліктілік белгілі бір білім бағдарламасын игеру және (немесе) практикалық тәжірибе нәтижесі болып табылады.

Біліктілікті жетілдіру немесе оның бейінін өзгерту үшін әрбір деңгейде кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің қосымша білім бағдарламалары бойынша тиісті лицензиялары бар ұйымдарда оқуға болады.

Біліктілік деңгейі практикалық жұмыс тәжірибесін меңгеруіне, өз бетінше білім алуына және оқуына қарай жетілуі мүмкін.

Білім беру мен оқытудың әртүрлі нысандарын есепке алу салалық біліктілік

жүйелерінің ішінде жүргізілетін болады.

Қызметкердің практикалық тәжірибесін, біліктілікті арттыру курстарын және осы сияқтыларды ескеру арқылы жеке білім беру траекториясын құруға болады, бұл біліктілік деңгейлерін алға және жоғары қарай да дамытуға мүмкіндік береді.

Біліктілік деңгейлері мен ұлттық білім беру және оқыту жүйесі деңгейлерінің арақатынасы СБШ-ның 2-қосымшада көрсетілген біліктілікке қол жеткізу корсеткіші бойынша айқындалады.

**Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы біліктілік шеңберіне 1-қосымша**

### **Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы салалық біліктілік шеңбері**

Кәсіптік қызмет саласы: Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлікке кепілді тіркеу				
ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талап
4	4.1	Дербестік: жұмыстарды өндіру кезінде тікелей бақылаудың және/немесе басқарудың астында тапсырмаларды орындау. Тәртіптілік. Дербес оқу қабілеттілігі. Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау. Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау. Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті.	Орта білімнен кейін техникалық және кәсіптік оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.	ҚР қолданыстағы заңнам білу, кәсіби тапсырма шешімі және оларды тәсілдері, принципте жолдары туралы (ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3 б і л у . Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттарын, к аясында пайдаланылап кейбір қарапайым аспа мен жабдықтар, сонда олардың қолданылу са. туралы базалық білім.
	4.2.	Дербестік: басшылықпен және басқарманың бақылауымен қызметтің технологиясына сәйкес орындаушы кәсіби қызметтерді жүзеге асыру. Тұрақты практикалық ұйымдастырушылық дағды және таныс жағдайларда өздігінше тиесілі құралда жұмыс атқару. Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау.	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық	ҚР қолданыстағы заңнам б і л у . ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3 кәсіби тапсырмалар ше және оларды қою тәсіл принциптері, жолдары ту б і л і м і . Мемлекеттік қызметте

		<p>Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау. Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті. Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.</p>	<p>құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.</p>	<p>көрсету стандарттарын, к аясында пайдаланылап кейбір қарапайым аспа мен жабдықтар, сонда олардың қолданылу са туралы базалық білім.</p>
5	5.1	<p>Дербестік: Құрылымдық қызметі стратегиясы және технологиялық процесстер учаскесі аясында басқару қызметі.</p> <p>Жауапкершілік: жұмыстарды орындаудың нәтижелеріне; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілік: стандартты практикалық тапсырмаларды шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекеттердің ішінен әрекет ету әдісін таңдау.</p> <p>Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.</p>	<p>Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Бөлімге жүктелген жұмыстың уақытында орындалуын бақылау, бөлім қызметкерлерінің арасында міндеттерді (әрекеттер) сонымен бірге жұмыс көлемін) бөлумен айналысу, бөлім қызметкерлері орындайтын жұмыстардың сапалылығын бақылау.</p>	<p>ҚР қолданыстағы заңнам білу.</p> <p>ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3-Басқару шешімдерін қабы тәсілдерін, кәсіби жағдай жүйелік жобалау және тә әдістері туралы білімі. А (теориялық және практик білім (соның ішін инновациялық) синтезін тәжірибе талап ете ерекеттер.</p> <p>Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттарын, к аясында пайдаланылап кейбір қарапайым аспа мен жабдықтар, сонда олардың қолданылу са туралы базалық біл үстемелеу және ең тәсілдерін білуі.</p>
Кәсіптік қызмет саласы: Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттар беру				
4	4.1	<p>Дербестік: жұмыстарды өндіру кезінде тікелей бақылаудың және/немесе басқарудың астында тапсырмаларды орындау. Тәртіптілік. Дербес оқу қабілеттілігі.</p> <p>Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау.</p> <p>Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау. Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті.</p>	<p>Орта білімнен кейін техникалық және кәсіптік оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.</p>	<p>ҚР қолданыстағы заңнам білу, кәсіби тапсырма шешімі және оларды тәсілдері, принципте жолдары туралы (ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3-Б білу.</p> <p>Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттарын, к аясында пайдаланылап кейбір қарапайым аспа мен жабдықтар, сонда олардың қолданылу са туралы базалық білім.</p>
		<p>Дербестік: басшылықпен және басқарманың бақылауымен қызметтің технологиясына сәйкес орындаушы</p>	<p>Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған</p>	

	4.2.	<p>кәсіби қызметтерді жүзеге асыру. Тұрақты практикалық ұйымдастырушылық дағды және таныс жағдайларда өздігінше тиесілі құралда жұмыс атқару. Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау. Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау. Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті. Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.</p>	<p>практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.</p>	<p>ҚР қолданыстағы заңнам білу. ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3 кәсіби тапсырмалар ше және оларды қою тәсіл принциптері, жолдары ту білімі. Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттарын, к аясында пайдаланылап кейбір қарапайым аспа мен жабдықтар, сонда олардың қолданылу са туралы базалық білім.</p>
5	5.1	<p>Дербестік: Құрылымдық қызметі стратегиясы және технологиялық процесстер учаскесі аясында басқару қызметі. Жауапкершілік: жұмыстарды орындаудың нәтижелеріне; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындауға. Күрделілік: стандартты практикалық тапсырмаларды шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекеттердің ішінен әрекет ету әдісін таңдау. Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.</p>	<p>Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Бөлімге жүктелген жұмыстың уақытында орындалуын бақылау, бөлім қызметкерлерінің арасында міндеттерді (сонымен бірге жұмыс көлемін) бөлумен айналысу, бөлім қызметкерлері орындайтын жұмыстардың сапалылығын бақылау.</p>	<p>ҚР қолданыстағы заңнам білу. ҚР «Жылжымалы мүл кепілді тіркеу туралы» 3 білу. Басқару шешімд қабылдау тәсілдерін, к жағдайларды жүйелік жо және талдау әдістері ту білімі. Арнайы (теория және практикалық) бі соның ішінде инновация синтезін және тәжірибе ететін әреке Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттар қызмет аясында пайдаланылатын кей қарапайым аспаптар жабдықтар, сондай-ақ ол қолданылу саласы тұр базалық білім; үстемелеу еңбек тәсілдерін білуі.</p>
<p>Кәсіптік қызмет саласы: салық салу мақсаты үшін кәсіпкерлік қызметтерде қолданылмайтын жеке тұлғалар жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау</p>				
	4.1	<p>Дербестік: жұмыстарды өндіру кезінде тікелей бақылаудың және/немесе басқарудың астында тапсырмаларды орындау. Тәртіптілік. Дербес оқу қабілеттілігі. Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау. Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау.</p>	<p>Орта білімнен кейін техникалық және кәсіптік оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану,</p>	<p>ҚР қолданыстағы заңнам білу. ҚР Салық заңнамасы (ҚР «ҚР бағалау қыз туралы» Заңын Мемлекеттік қызметте көрсету стандарттар еңбекті орындау процес оның мәні және ти атқарушылық әрекеттеі циклі туралы білімдер, к</p>

4		Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті.	қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану .	міндеттерді қою жолд принциптері мен әдіс туралы, еңбекке ынталан тәсілдері туралы.
	4.2	Дербестік: басшылықпен және басқарманың бақылауымен қызметтің технологиясына сәйкес орындаушы кәсіби қызметтерді жүзеге асыру. Тұрақты практикалық ұйымдастырушылық дағды және таныс жағдайларда өздігінше тиесілі құралда жұмыс атқару. Жауапкершілік: жұмыстың орындалуына, өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау. Күрделілік: жұмыс кезінде әртүрлі жағдайларда жалпықолданыстағы шешімдер тәсілінің негізінде үлгілік технологиялық тапсырмаларды орындау. Тыс жағдайларда практикалық, үлгілік дағдылар әрекеті. Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану .	ҚР қолданыстағы заңнам білу . ҚР Салық заңнамасын бі. «ҚР бағалау қызметі тур Заңын білу. Мемлеке қызметтерді көрсет стандарттарын, еңбе орындау процессінде с мәні және тиісті атқаруш әрекеттердің циклі ту білімдер, кәсіби міндет қою жолдары, принци мен әдістері туралы, ең ынталандыру тәсілдері ту білім.
5	5.1	Дербестік: Құрылымдық қызметі стратегиясы және технологиялық процесстер учаскесі аясында басқару қызметі . Жауапкершілік: жұмыстарды орындаудың нәтижелеріне; өзінің және өзгелердің қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындауға . Күрделілік: стандартты практикалық тапсырмаларды шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекеттердің ішінен әрекет ету әдісін таңдау . Сабақтас жүйелермен технологиялық операцияларды орындау байланысын түсіну.	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Бөлімге жүктелген жұмыстың уақытында орындалуын бақылау, бөлім қызметкерлерінің арасында міндеттерді (сонымен бірге жұмыс көлемін) бөлумен айналысу, бөлім қызметкерлері орындайтын жұмыстардың сапалылығын бақылау.	ҚР қолданыстағы заңнам білу . ҚР Салық заңнамасын біл «ҚР бағалау қызметі тур Заңын білу.Мемлекет қызметтерді көрсет стандарттарын, еңбе орындау процессінде с мәні және тиісті атқаруш әрекеттердің циклі ту білімдер, кәсіби міндет қою жолдары, принци мен әдістері туралы, ең ынталандыру тәсілдері ту білім.
Кәсіптік қызмет саласы: зияткерлік меншік саласында сараптама жүргізу				
5	5.1	Дербестік: Өнеркәсіптік меншік құқықтарын беру туралы келісімшарттарды алдын-ала, формалды және толық сараптауын жүргізу бойынша міндеттерді орындау барысында дербес (күрделі жағдайларда басшылықпен) жұмыс жасау және жұмыс тапсырмаларын орындау. Дербес (күрделі жағдайларда басшылықпен)	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық	ҚР қолданыстағы заңнам білу, өндірістік мен объектілеріне құқықта қорғау саласындағы : мемлекеттердің заңнам білу . ҚР өнеркәсіп меншік құқықтарды қорғауға қат

		жұмыс ұйымдастыру. Жауапкершілік: өзінің міндеттерін орындағаны үшін. Күрделілік: жұмыс жағдайларының әртүрлі өзгеріп отыратын шарттарында шешімдердің әдістерін таңдау негізінде практикалық міндеттерді шешу.	құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.	халықаралық шарттарын өнеркәсіп меншік құқық қорғау туралы ҚР заңнам қолданудың сот тәжірибі білу.
5	5.2	Д е р б е с т і к : Өнеркәсіптік меншік құқықтарын беру туралы келісімшарттарды алдын-ала, формалды және толық сараптауын жүргізу бойынша міндеттерді орындау барысында дербес жұмыс жасау және жұмыс тапсырмаларын орындау. Дербес жұмыс ұйымдастыру. Жауапкершілік: өзінің міндеттерін орындағаны үшін. Күрделілік: жұмыс жағдайларының әртүрлі өзгеріп отыратын шарттарында шешімдердің әдістерін таңдау негізінде практикалық міндеттерді шешу.	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.	ҚР қолданыстағы заңнам білу. Өндірістік меншік объектілеріне құқықта қорғау саласындағы мемлекеттердің заңнам білу. ҚР өнеркәсіп меншік құқықтарды қорғауға қат халықаралық шарттарын өнеркәсіп меншік құқық қорғау туралы ҚР заңнам қолданудың сот тәжірибі білу.
	5.3	Д е р б е с т і к : Өнеркәсіптік меншік құқықтарын беру туралы келісімшарттарды алдын-ала, формалды және толық сараптауын жүргізу бойынша міндеттерді орындау барысында сараптаманы өз бетінше жүргізу, кәсіби қызметтің үлгілік жағдайларында дербес жұмыс жүргізу және тапсырмаларды орындау. Дербес жұмыс ұйымдастыру. Жауапкершілік: өз міндеттерін орындағаны үшін, өзінің және өзгелердің оқуына. Күрделілік: шешу әдістерінің таңдауын және алуан түрлілігін қамтитын міндеттерді шешуге бағытталған қызмет.	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.	ҚР қолданыстағы заңнам білу. Өндірістік меншік объектілеріне құқықта қорғау саласындағы мемлекеттердің заңнам білу. ҚР өнеркәсіп меншік құқықтарды қорғауға қат халықаралық шарттарын өнеркәсіп меншік құқық қорғау туралы ҚР заңнам қолданудың сот тәжірибі білу.
		Дербестік: кәсіпорын қызметінің стратегиясы шегінде өзге басқармалармен жұмыстарды келісуді қарастыратын басқарушылық қызмет, басқарманың қызметкерлерінің өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды беру туралы келісімшарттарды сараптау жүргізуін бақылау, кәсіпорынның басқа да бөлімшелерімен жұмысты келісуді қарастыратын өнертабыстар мен пайдалы үлгілерге өтінімдер бойынша	Жоғары оқу орындарында оқу кезінде алынған практикалық тәжірибеге сүйене отырып, негізгі кәсіптік білімдерін қолдана білу. Құжаттардың заңнамалық сараптамасын жасау, заманауи бағдарламалық өнімдер	ҚР қолданыстағы заңнам білу. Өндірістік меншік объектілеріне құқықта қорғау саласындағы мемлекеттердің заңнам білу.



6	6.1	сараптау және іс-жүргізу шегінде басқарушылық қызмет, басқарма қызметкерлерінің жұмыс тапсырмаларын орындауын басқару. Жауапкершілік: басқарманың айтарлықтай өзгерістерге немесе дамуға әкеп соқтыратын қызметін жоспарлауға және әзірлеуге, жұмысшылардың кәсіби деңгейінің жоғарылатуына жауапты. Күрделілік: шешу әдістерінің таңдауын және алуан түрлілігін қамтитын міндеттерді шешуге бағытталған қызмет.	мен техникалық құралдарды қолдану, қолданыстағы заңнамалардың нормаларына сүйену, өзін ұстау білу және өзіндік тәртіп дағдыларын қолдану.	ҚР өнеркәсіп меншік құқықтарды қорғауға қат халықаралық шарттарын өнеркәсіп меншік құқық қорғау туралы ҚР заңнам қолданудың сот тәжірибі білу.
---	-----	--	---	--

**Зияткерлік меншік және жылжымайтын мүлікті тіркеу салаларындағы біліктілік шеңберіне 2-қосымша**

### **Біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші**

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке қолжеткізу жолдары
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) : практикалық тәжірибе.
5	Техникалық және кәсіби білім (немесе ортадан кейінгі білім), қосымша кәсіби дайы немесе жекелеген жағдайларда жоғары білім (жекелеген мамандықтар бойы бакалавриат), практикалық тәжірибе.
6	Жоғары білім, бакалавриат, практикалық тәжірибе.